

**И. М. Искаков, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы**

## **МӘҢГІЛІК ЕЛ – АСЫЛ АРМАН**

*Аннотация. Мақалада автор Елбасы Жолдауының «Мәңгілік ел» тарауына құқықтық түсіндірулер жасаған. Сонымен қатар «Мәңгілік ел» идеясының тарихи мазмұнына тоқталып өткен.*

*Түйін сөздер: Қазақстан, Республика, «Мәңгілік ел», Президент, Елбасы, азаматтық, конституция, демократия, тәуелсіздік, ұлттық идея.*

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында «Мәңгілік Ел ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман — әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді, ол арман — тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргесін қаладық. Қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыланады. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол — Мәңгілік Ел идеясы», — деп атап өтті<sup>1</sup>.

Бұл ретте Мемлекет басшысы Тәуелсіздік арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізгенін, еліміздің жүрегі елорда тұрғызылғанына тоқталды. «Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ — Мәңгілік Қазақтың перзенті. Ендеше Қазақ Елінің ұлттық идеясы — Мәңгілік ел», — деді Ұлт Көшбасшысы. Сонымен қатар, Президент Мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алынғанын алға тартты. «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру аса қиын екені баршаға мәлім. Бұл — әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік, талай елдің тағдырын құрдымға жіберді. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана, ол — Мәңгілік Ел», — деді Елбасы.

«Мәңгілік ел» сөзі аспаннан түсе қалған жоқ. Ол біздің тамыры тереңде жатқан түп тарихымыздан алынды. Оны дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Десе де, бірер пікірді алға тастап, айтқанымызды бекемдеп алайық. Мәселен, белгілі түрколог ғалым, тарихшы Қаржаубай Сартқожаұлы «Бұл, әрине, тектен-текке шыққан дүние емес. Кезінде Түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк абыз негізін қалаған идея» дейді.

Бұл тарихи асыл мұратты Президент те дөп басты. «Біз үшін ортақ тағдыр — бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел — жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы» деді.

Қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрміз. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол — Мәңгілік Ел идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі — Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ — Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы — Мәңгілік Ел!

Бір кездерде дүркіретіп билік құрған Көктүріктер империясы ту еткен, Тоныкөк негізін қалаған, ұлы Шыңғыс хан империясының атына айналған Мәңгі ел құндылығы бүгін, міне, осылайша Қазақстан мемлекетінің түп қазығы – ұлттық идеясына айналды.

Алайда айтылғанның бәрі ақиқатқа айналып шыға келеді деу қисынсыз болар. Ата-баба құндылығын ауызбен айту бір басқа да оған барынша адал, әрі шын жанашыр болып, оны қайраткерлікпен, тектілікпен іске асыру екінші мәселе. Біздің рухани ұстыны жұқарып, ұлттық мәні тайыздалған қоғамда бұндай үлкен идеяны бірден көтеріп шыға келу тосын құбылысқа баланатыны да анық. Сондықтан болар, «Мәңгілік ел» идеясына сын көзбен қарап, оны кезекті ұран, халық алдында кие салатын бетперде ретінде қабылдағандар да болды.

Белгілі қоғам қайраткері М. Жолдасбеков: «Біздің тарихтан да, Құраннан да білетініміз мәңгілік тек Аллаға тән. Алладан басқа жер бетінде, аспан астында мәңгі ештеңе болмайды. Бірақ бізге адаспай жүретін идеология керек. Қазақтың ендігі ұлттық идеологиясы осы «Мәңгілік ел» болуы тиіс. 2050 жылы біз «Мәңгі ел» бола саламыз деп ешкім кесім жасай алмайды. Елбасы оны айтып отырған жоқ. Қазақтың түпкі арманын меңзеп отыр» депті.

Бағанадан бері айтпағым, елдің құлағын елең еткізіп, қазақты сан түрлі ойға жетелеген осы ұғымның сыртқы түр-түсі мен айтылу сипатына көз жүгірту еді. Иә, бұл ата-бабалардан жеткен құндылық екен. Қазақстандықтардың, (қазақ ұлтының емес) басын біріктіретін идея екен. Осы арада белгілі ұлт қайраткері Берік Әбдіғали мырзаның мына бір сөзін келтірейік: «Әрбір мемлекеттің идеологиясындағы сүйенетін тұғыры тарих болатыны анық»<sup>2</sup>.

«Біз «Мәңгілік ел» боламыз» дегенде Президент ұлттың тарихи сана мәселесін күн тәртібінің алдыңғы қатарына шығарып отыр. Әлеуметтік-мәдени еспен сипатталатын тарихи жады немесе тарихи сана неғұрлым терең болған сайын адам да, тұтастай алғанда қоғам да рухани бай болады. Бүгінгіні түсіну мен болашақты болжау үшін өткенді білу тарихи білімнің негізгі арқалайтын жүгі екендігі рас. Алдыңғы буынның жинақтаған әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне тереңірек енген сайын адамның өмірлік және азаматтық ұстанымы да айқындала түседі. Тарихи білім адамның ғылыми дүниетанымының қалыптасуына, оның бойында адамгершілік мұраттардың егілуіне ықпал етеді. Отанға сүйіспеншілік, оның өткені мен бүгінін мақтан тұту патриотизм деп аталатын сезімдердің құйылысын тудырады.

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдар ішінде Қазақстан отаршылдық пен тоталитаризм салдарынан болған рухани күйзелісті еңсеріп қана қоймай, қалыптасудың жаңа кезеңіне қадам басты. Дегенмен Қазақстанның қазіргі жағдайында ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықты қалыптастырып, шынайы еркіндікке қол жеткізу мен «Мәңгілік ел» құруға ұмтылуы бүгінгі жаһандандудың қатаң бәсекелестігі жағдайында саяси, әлеуметтік-экономикалық дербестікпен қатар, рухани тәуелсіздікке ие болуды да қажет етеді. Бұл үшін ұлт тәрізді күрделі жүйенің қалыпты өмір қамын қамтамасыз ететін төлтума тарих пен мәдениеттің өзегін құрайтын ұлттық дүниетанымды, рухани қайнарларды қайта қалпына келтіру арқылы қоғамның өзіндік тарихи санасын қалыптастыру керек. Тарих өткен шақпен, адами жадымен және әлеуметтік еспен байланысты болғандықтан, бұған төл тарихты тану арқылы қол жеткізуге болады. Яғни ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын іргелі құндылықтарды – адамдарды рухани тұрғыда оятатын ана тілі мен дәстүрді жаңғыртумен қатар, халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи өзіндік сананы қалыптастыру тәуелсіздіктің рухани тұғырын құрайды<sup>3</sup>.

Сонымен «Мәңгілік ел» идеясы барша қазақстандықтардың жүрегінде от боп лаулап әрқашан жанып тұруы керек. Ата-бабаларымыздың арманын қазіргі және келешек жастар әрқашан ұран етіп ұстанатынына сенемін. Мен «Мәңгілік ел» идеясы барша Қазақстандықтардың асыл арманы екендігіне сенімдімін.

### **Резюме**

Автор раскрыл правовые аспекты Послания Главы государства по разделу «Мәңгілік ел», объяснил историческое происхождение идеи «Мәңгілік ел».

### **Resume**

In the given article the author, exposed the legal aspects of message of Head of the state to the division of «Мәңгілік ел». In addition gave a concept to the historical origin of idea of «Мәңгілік ел».

- 
- <sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. 17 қаңтар. 2014 // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
  - <sup>2</sup> Жебе. 30 қаңтар 2014 ж. [http:// www.zhebe.com/](http://www.zhebe.com/)
  - <sup>3</sup> Айқын. <http://www.aikyn.kz/>